

Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 маусымда № 11263 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 2 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.01.2018 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 96), 97) тармақшаларына және 49 және 50-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов _____
2015 жылғы 4 мамыр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 269 бұйрығымен бекітілген

Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) медициналық көмектің көрсетілген түрлерін Қазақстан Республикасында көрсету тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) белсенді бару – дәрігердің бастамасы бойынша науқастың үйіне дәрігердің баруы;

2) жедел медициналық көмек (бұдан әрі - ЖМК) – денсаулыққа келетін елеулі зиянды болдырмау (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жай-күй туындаған кезде, сондай-ақ кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) тасымалдау қажет болған кезде медициналық көмек ұсыну нысаны;

3) ЖМК, санитариялық авиацияның аға дәрігері – "емдеу ісі" немесе "педиатрия" мамандықтары бойынша дипломы және "жедел медициналық жәрдем", "анестезиолог және реаниматолог" мамандықтары бойынша сертификатымен жоғары медициналық білімі, шұғыл және жедел медициналық көмек бойынша тәжірибесі, даярлығы және мамандандыруы, мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар, емдеу, реанимация және қарқынды терапия әдістерін игерген, мамандығы бойынша бірінші немесе жоғарғы біліктілік санаты бар дәрігер;

4) ЖМК, санитариялық авиацияның аға фельдшер-диспетчері – ЖМК көрсету туралы шақыртуларды қабылдау, өңдеу және беру бойынша функцияларды

жүзеге асыратын медициналық маман ("емдеу ісі" мамандығы бойынша дипломы және "жедел медициналық жәрдем" мамандығы бойынша сертификатымен орта медициналық білімі бар маман);

5) өңірдің санитариялық авиациясының үйлестіруші дәрігері – жоғары медициналық білімі, мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі, маман сертификаты, мамандығы бойынша біліктілік санаты және ұйымдастырушылық қабілеттілігі бар дәрігер;

6) санитариялық авиация (бұдан әрі – СА) – пациенттің орналасқан жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтың және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауына байланысты медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек ұсыну нысаны. Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек ұсыну әуе көлігімен білікті мамандарды межелі жерге жеткізу не науқасты, сондай-ақ кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөлігін) тиісті медициналық ұйымға тасымалдау жолымен жүзеге асырылады;

7) санитариялық авиацияның мобильдік бригадасы (бұдан әрі - САМБ) – науқастарға және зардап шегушілерге тікелей шұғыл білікті, мамандандырылған, жоғары мамандандырылған және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін бөлімшенің құрылымдық-функционалдық бірлігі;

8) санитариялық автокөлік – науқастар мен зардап шегушілерді, сондай-ақ алып жүретін медицина персоналын, сондай-ақ кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) тиісті медициналық ұйымдарға тасымалдауға арналған мамандандырылған жерүсті көлік құралы;

9) СА нысанында медициналық көмек көрсетуге арналған санитариялық автокөлік – медицина қызметкерлерін әуе кемесінің бортына дейін және кері жеткізуге, сондай-ақ науқастарды (босанатын әйелдерді, зардап шегушілерді) медициналық ұйымнан әуе кемесінің бортына дейін және әуежайдан медициналық ұйымға дейін тасымалдауға арналған автокөлік;

10) санитариялық авиакөлік – науқастар мен зардап шегушілерді, сондай-ақ алып жүретін медицина персоналын тасымалдауға арналған жабдықталған мамандандырылған әуе көлігі құралы (ұшақ, тік ұшақ);

11) ЖМК көшпелі бригадасының фельдшері – "емдеу ісі" мамандығы бойынша дипломы, маман сертификатымен орта медициналық білімі бар маман.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Республикалық санитариялық авиация орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - РСАО) ЖМК және СА қызметтерінің үйлестірушісі болып табылады.

2. Жедел медициналық көмек көрсету тәртібі

4. Жедел медициналық көмек ұйымы (станция, бөлімше) (бұдан әрі - ЖМКҰ) өміріне төнген қауіптер, жазатайым оқиғаларда, жіті ауыр аурулар, жол-көлік оқиғалары, кезінде ересектерге, балаларға тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ автомагистралдарда зардап шегушілерге медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым болып табылады.

5. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдардың шешімі бойынша қалаларда, облыстық және аудандық орталықтарда ЖМК станциясының құрамында кіші станциялар ұйымдастырылады.

Кіші станция ЖМК станциясының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кіші станция қажетті дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және көшпелі бригаданың үздіксіз жұмысына арналған медициналық жабдықтармен жабдықталады.

Халық тығыз орналасқан аудандарда патрульдеу үшін және жұмыс уақытында (мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу кезінде) ЖМК "қауырт" бригадалары ұйымдастырылады.

ЖМК станциясы басшысының ұсынымы бойынша кіші бригадалар қызмет көрсету аудандарын денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Кіші станциялар пациенттің орналасқан жеріне дейінгі 15 (он бес) минутта көліктің жете алуын қамтамасыз ету есебімен ұйымдастырылады. Кіші станцияның қызмет көрсету аумағын, халықтың санын, тығыз орналасуын және жас мөлшерінің құрамын, құрылыстың ерекшеліктерін, ауданның өнеркәсіп кәсіпорындарымен, ірі ауыл шаруашылығы кешендерімен толықтығын және көлік магистралдардың болуы мен жағдайын, қозғалыс қарқындылығын және өңірдің басқа да ерекшеліктерін есепке ала отырып, денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары айқындайды.

ЖМК көшпелі бригадалары шақыртуларды қабылдау және көшпелі бригадалар бейінін есепке алумен ЖМК көшпелі бригадаларына беру бойынша ЖМК диспетчерлік қызметі (бұдан әрі - ДҚ) ауысымының аға фельдшер диспетчерімен шақыртуларға жіберіледі.

6. ЖМКҰ-да шұғыл медициналық көмек көрсетуді ЖМК көшпелі бригадалары (желілік-дәрігерлік, мамандандырылған және фельдшерлік), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтеріне сәйкес ұйымдастырылған (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6173 болып тіркелген) ЖМКҰ функционалдық бірліктермен жүзеге асырылады.

7. ЖМК фельдшерлік көшпелі бригадасының құрамына бір фельдшер, санитар, жүргізуші немесе дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету бойынша даярлықтан өткен жүргізуші кіреді.

8. ЖМК дәрігерлік көшпелі бригадасының құрамына дәрігер ("емдеу ісі" немесе "педиатрия" мамандығы бойынша дипломы және "шұғыл және жедел медициналық жәрдем" мамандығы бойынша сертификатымен жоғары медициналық білімі бар маман) фельдшер ("емдеу ісі" мамандығы бойынша дипломы және сертификатымен орта медициналық білімі бар маман), жүргізуші немесе дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету бойынша даярлықтан өткен жүргізуші кіреді.

9. Қалалар мен аудан орталықтарында қала немесе аудан халқына қызмет көрсету санына қарай мамандандырылған бригадалар ұйымдастырылады:

70 мыңнан астам тұрғын – қарқынды терапия бригадалары, сондай-ақ балаларға медициналық көмек көрсететін бригадалар;

100 мыңнан астам тұрғын – арнайы бейінді мамандандырылған бригадалар (кардиологиялық, реанимациялық).

10. ЖМК мамандандырылған (реанимациялық) көшпелі бригадасының құрамына дәрігер (жоғары медициналық білімі, "емдеу ісі" немесе "педиатрия" мамандығы бойынша дипломы, "жедел және шұғыл медициналық көмек" мамандығы бойынша дәрігер сертификатымен және мамандандырылған бригада бейіні бойынша мамандандыруы бар маман), екі фельдшер (орта медициналық білімі, "емдеу ісі" мамандығы бойынша дипломы, маман сертификаты бар маман), жүргізуші немесе дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету бойынша даярлықтан өткен жүргізуші кіреді.

11. ЖМКҰ-ға шақырту түскен кезде мынадай деректер белгіленеді:

1) науқастың (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жасы және жынысы;

2) пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) жазатайым оқиға немесе ауру жағдайы бойынша қысқаша деректер;

3) пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) мекенжайы және телефоны, кіреберіс есігінің коды, сондай-ақ науқастың орналасқан жеріне жету бойынша бағдарланған деректер.

12. Келіп түскен шақыртулар сипаты, аурудың бейіні бойынша өңделеді және ЖМК көшпелі бригадасына беріледі.

ЖМК көшпелі бригадалары:

1) ЖМК көрсету үшін және жазатайым оқиғалар, жарақаттанулар және уланулар кезінде пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) тасымалдау үшін;

2) аурулар, оның ішінде психикалық, пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) және оның айналасындағы адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін аурулар кезінде;

3) босану және жүктілік ағымының асқынуы кезінде;

4) шұғыл медициналық көмекті талап ететін пациентті, оның ішінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) ұйымының мамандарын шақырту бойынша (пациент (босанатын әйел, зардап шегуші) жағдайының ауырлығын алдын ала бағалай отырып) емдеуге жатқызуға апару үшін;

5) пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) қажет болған жағдайда бір стационардан басқасына апару үшін жіберіледі.

13. ДҚ шақыртуын қабылдап алған сәттен бастап, ЖМК бригадасына бергенге дейінгі ЖМК бригадаларының шығу регламентін осы Қағидаларға қосымшаларға сәйкес, жедел медициналық көмек бойынша шақыртулардың жеделдік санатының тізбесіне сәйкес сипаты, бейіні бойынша аға диспетчер - фельдшер өңдейді, айқындалады:

1) жеделдіктің 1-3 санаты – бес минутқа дейін;

2) жеделдіктің 4-5 санаты – жиырма минутқа дейін;

3) жеделдіктің 6 санаты – отыз минутқа дейін.

14. ЖМК бригадасының ЖМК ДҚ шақыртуына қызмет көрсетуге тапсырма алынған сәттен бастап пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) орналасқан жеріне дейін жету уақыты осы Қағидаларға 16-тармақта көрсетілген шақыртулардың жеделдігіне қарай:

жеделдіктің 1-3 санатында – он бес минутты;

жеделдіктің 4-5 санатында – жиырма бес минутты;

жеделдіктің 6 санатында – отыз минутты құрайды.

15. ЖМК мамандандырылған көшпелі бригадаларын жіберу медицина қызметкерлерінің шақыртуы бойынша да, тікелей халықтың шақыртуы бойынша да жүзеге асырылады. Бұл ретте, ЖМК мамандандырылған көшпелі бригадасын шақырған медицина персоналы шақырған бригада келгенге дейін қажетті медициналық көмекті көрсетеді.

16. Пациент (босанатын әйел, зардап шегуші) тексеріп-қарауға және емдеуге жатқызу үшін стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға (ургенттік стационарлар) жеткізіледі. Қажет болған жағдайда өмірлік көрсетілімі бойынша жақын жердегі бейінді бөлімшесі бар медициналық ұйымға хабарлай отырып, жеткізу жүзеге асырылады.

17. ЖМК ДҚ ауысымдағы аға дәрігері стационар жағдайында шұғыл емдеу-диагностикалық іс-шараларын талап ететін пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) жеткізу кезінде:

пациент (босанатын әйел, зардап шегуші) жеткізілетін стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесімен байланысты ұйымдастырады;

қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі стационарлық көмек көрсететін, қабылдайтын медициналық ұйымға жеткізілетін пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) жағдайы туралы ақпаратты мәлімет үшін хабарлайды.

18. ЖМК көшпелі бригадасының стационардың қабылдау бөліміне жету уақыты оның келіп түскен сәтінен бастап (пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) жауапты кезекші дәрігерге беруге арналған уақыт) жеткізу уақытын "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді) шақырту картасына белгілей отырып пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) беру 10 минуттан аспайды. Стационарға жеткенде және пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) бергеннен кейін ЖМК көшпелі бригадасының дәрігері ЖМК ДҚ шақыртуларды қабылдау жөніндегі фельдшеріне шақыртудың аяқталғаны туралы хабарлайды.

19. Өміріне қауіп төндіретін ауруы бар пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) шұғыл стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға пациентті тасымалдау кезінде ЖМКҰ санитариялық автокөлігінде оны туыстарының алып жүруіне (бір адамнан аспауы тиіс) рұқсат беріледі.

20. Пациентке (босанатын әйелге, зардап шегушіге) ЖМК көрсету үшін:

1) уақтылы медициналық көмек көрсетпеу жағдайының ауырлауына немесе өлімге әкелетін өміріне тікелей қауіп төну;

2) өмірі үшін қауіпті емес, бірақ қоршаған ортаға тікелей қауіп төндіретін жағдай негіз болып табылады.

21. ЖМК көрсетуді қажетті емдеу-диагностикалық жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен жарақтандырылған және даярланған білікті медицина персоналымен жиынтықталған көшпелі бригадалар жүзеге асырады.

22. Стационарға емделуге жатқызуға көрсетілімдері болмаған немесе пациент (босанатын әйел, зардап шегуші) емделуге жатқызудан бас тартқан кезде ЖМК көшпелі бригадасы № 907 бұйрықпен бекітілген № 110-1/е нысан бойынша учаскелік дәрігерге сигналдық парақты ресімдейді.

Көрсетілімдер болған жағдайда ЖМК көшпелі бригадасы МСАК ұйымының медицина қызметкерінің пациенттің үйіне (тұратын жеріне) белсенді баруы туралы шешім қабылдайды.

Пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) тасымалдау кезінде стационарға ЖМКҰ гемодинамиканы көрсетумен ілеспе парағы беріледі.

23. МСАК жұмысы уақытында созылмалы аурулары асқынған пациентке қызмет көрсету үшін ЖМК шақыртуы келіп түскен жағдайда шақырту пациенттің тіркелген орны бойынша МСАК қайта бағытталады.

24. Пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) стационарға емделуге жатқызған кезде стационардан шығарғаннан кейін ЖМК көшпелі бригадасының ілеспе парағынан үзбелі талонды ЖМКҰ беру қажет.

Пациент үйде қалған (емделуге жатқызуды қажет етпегенде) жағдайда ЖМК көшпелі бригадасы одан әрі МСАК (тұрғылықты немесе тіркелген жері бойынша) ұйымға жүгіну үшін медициналық ұсынымдарды ұсынады.

25. ЖМКҰ тәуліктік режимде халық жеке немесе телефон арқылы жүгінген кезде ЖМК бригадасы жазатайым оқиғалар кезінде медициналық көмек көрсеткен станцияның (бөлімшенің) медицина қызметкерлері пациенттердің немесе зардап шегушілердің орналасқан жері туралы ақпарат береді.

Жедел медициналық көмек көрсетуді талап етпеген жағдайда ЖМКҰ ауысымының аға дәрігері пациентке (босанатын әйелге, зардап шегушіге) медициналық көмек көрсетуге жүгіну үшін медициналық ұйымдардың координаттарын (мекенжайын, телефонын) ұсынады.

26. Төтенше жағдайлар режимінде ЖМКҰ:

1) "Медициналық апаттар орталығы, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті" ММ аумақтық бөлімшесінің нұсқауы бойынша әрекет етеді;

2) төтенше жағдайлардың медициналық санитариялық салдарын жою бойынша ЖМК көшпелі бригадасын төтенше жағдайлар аймағына жібереді;

3) төтенше жағдайларды жою кезінде зардап шегушілерге емдік-эвакуациялық іс-шараларды өткізеді;

4) инфекциялық аурулар, уланулар, психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, жол-көлік оқиғалары, өрт, жарылыстар мен басқа да төтенше жағдайлардың туындауы туралы ақпаратты, бірге 10 және одан да көп зардап шегушілердің санымен шұғыл түрде Министрліктің РСАО Диспетчерлік қызметіне мынадай координаттар бойынша: +7 (7172) 701-702, ұялы телефон: +7 777 7701-702, т/факс: +7 (7172) 709-686; e-mail: dispatcher@rcsa.kz ұсынады.

27. Пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық жабдықтардың болмауынан және (немесе) медициналық ұйымда тиісті білікті мамандардың болмауынан медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған төтенше жағдайлар кезінде ЖМКҰ шақыртуды өңірдің үйлестіруші-дәрігеріне және (немесе) РСАО ДҚ береді.

28. ЖМКҰ қызмет көрсететін санитариялық автокөлік айыру белгілермен (жарқыл шамшырақ, дыбыс дабылы және басқалар) жарақталады, амбулаториялық (далалық) жағдайларда және санитариялық автокөліктің қозғалысы кезінде жүрек-өкпе реанимациясын көрсету үшін сәйкес медициналық жарақтары мен жабдықтары бар.

29. ЖМКҰ санитариялық автокөлігі ағымдық және жоспарлы санитариялық тазартуға жатады.

30. Санитариялық автокөлікті медициналық емес мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

3. Санитариялық авиация нысанында жедел медициналық көмек көрсету тәртібі

31. Санитариялық авиация бөлімшелері облыстық орталықтарда, облыстық маңызы бар қалаларда санитариялық авиацияның ұтқыр бригадаларының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады және республикалық, облыстық, қалалық деңгейде тәулік бойы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

32. СА қызметтері мыналарды қамтиды:

1) медициналық қызметтер (бетпе-бет консультация, жергілікті жердегі операция, науқастарды (босанатын әйелдерді, зардап шегушілерді), тиісті медициналық ұйымда кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөліктерін), биоматериалдарды жеткізу, сондай-ақ тіндер мен ағзаларды алу жөніндегі медицина мамандарын тасымалдау;

2) авиациялық көлік қызметтері (мамандарды пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) орналасқан жеріне) және кері және/немесе пациентті (босанатын әйелдерді, зардап шегушілерді) тиісті медициналық ұйымға жеткізу).

Халыққа СА медициналық көмек көрсетуіне арналған ұшулары РСАО-ның әуе компанияларымен жасалған шарттардың негізінде жүргізіледі.

33. Қазақстан Республикасының халқына медициналық қызметтер РСАО мен республикалық, қалалық және облыстық медициналық ұйымдардың арасында жасалған шарттардың негізінде көрсетіледі.

34. СА бөлімшесінде РСАО-ның үйлестірушілермен, СА әуе кемесінің ұшқыштарымен (күту режимінде тұрған) Қазақстан Республикасының халқына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін тапсырма бойынша САМБ ұшқан консультация беруші дәрігерлерімен тұрақты байланысын жүзеге асыратын ДҚ ұйымдастырылады.

35. РСАО ДҚ ауысымының аға дәрігері:

шұғыл өтінімнің мақсатын айқындайды (бетпе-бет консультация, жергілікті жердегі операция, одан әрі транспланттау үшін тиісті медициналық ұйымға пациентті немесе ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) тасымалдау) бейінді маман – дәрігерлерден САМБ құрайды (Астана және Алматы қалалары);

реанимация және қарқынды терапия саласындағы маман-дәрігерден, фельдшерден тұратын Астана, Алматы қалаларының тасымалдау және тасымалдау кезінде медициналық көмек көрсету жөніндегі РСАО мобильдік бригадасын қалыптастырады;

шұғыл өтінімді орындау аяқталғанға дейін СА бойынша ұшу бағытын қадағалайды;

инфекциялық аурулар, уланулар, айналасындағыларға қауіп төндіретін психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар (аурулар) туралы және медициналық салдармен төтенше жағдайлар туралы РСАО басшылығын, уәкілетті органды уақтылы хабардар ету.

36. Санитариялық авиация нысанында медициналық қызмет көрсету үшін әуе көлігін (тік ұшақ, ұшақ) пайдаланудың негізі:

- 1) жету қиын (жолдардың болмауы, таулы жер, шалғай елді мекендерден);
- 2) СА мамандандырылған және жоғары мамандандырылған МК көрсетуді талап ететін науқастарды (босанатын әйелдерді, зардап шегушілерді) тасымалдау ;
- 3) жарақаттанулар мен уланулар, денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдайлар кезінде пациенттерге (босанатын әйелдерге, зардап шегушілерге), айналасындағы адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету қажеттілігі білікті маман-дәрігерлерді, оның ішінде республикалық медициналық ұйымдардан пациент орналасқан жерге дейін жеткізу арқылы жүзеге асырылады;
- 4) пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған жағдайда пациенттерді (босанатын әйелдерді, зардап шегушілерді) республикалық медициналық ұйымдарға, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының медициналық ұйымдарына, оның ішінде өңіраралық клиникаларға жеткізу үшін;
- 5) қала сыртындағы (қалааралық, республикалық маңызы бар трассаларда) автомагистралдарда ЖКО кезінде мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін;
- 6) уәкілетті органның тапсырмасы бойынша жол-көлік жарақаттанушылығының профилактикасы мақсатында апаттық – қауіпті учаскелерде автомобиль көлік құралдарының қаладан тыс автомагистралдарда (қалааралық және республикалық маңызы бар жолдар) жаппай қозғалысы уақытында патрульдеу үшін;

7) кейін транспланттауға тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) алатын медицина мамандарын (арнайы даярлықтан өткен) тасымалдау үшін, биологиялық материалдарды алу және оларды тиісті медициналық ұйымдарға жеткізу үшін;

8) шетелдік медициналық ұйымдарда ауыр халдегі (өз еркімен дем алмайтын, комадағы немесе басқа да) азаматтық авиацияның рейстік әуе желілерімен тасымалдауға келмейтін медициналық алып жүруді қажет ететін Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарына тасымалдау үшін;

9) тұратын жері бойынша медициналық ұйымдарда одан әрі емдеуді жалғастыру үшін республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі медициналық ұйымдардан, оның ішінде өңіраралық клиникалардан медициналық алып жүруді қажет ететін ауыр халдегі (өз еркімен дем алмайтын, комадағы немесе басқа да) пациентті тасымалдау үшін;

10) оқиға орнына және кері медициналық салдармен төтенше жағдайлар кезінде ведомствоаралық жұмыс тобының сарапшылары мен мүшелерін тасымалдау үшін;

11) зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарына төтенше жағдайлар болған жерден биологиялық материалдарды жеткізу үшін.

37. СА нысанында медициналық көмек көрсету үшін республикалық немесе облыстық маңызы бар мобильдік бригадалар құрылады.

38. Қарқынды терапияның толық көлемін көрсетумен пациентті немесе зардап шегушіні тасымалдауды қамтамасыз ететін штаттық САМБ құрамына дәрігер ("емдеу ісі" немесе "педиатрия" мамандығы бойынша дипломы және "жедел медициналық жәрдем", "анестезиология және реаниматология" мамандығы бойынша сертификатымен жоғарғы медициналық білімі бар маман), қажет болған жағдайда тағы бір дәрігер ("анестезиология және реаниматология" мамандығы бойынша сертификатымен жоғары медициналық білімі бар маман), фельдшер ("емдеу ісі" мамандығы бойынша дипломы және "жедел медициналық жәрдем" мамандығы бойынша сертификатымен орта медициналық білімі бар маман), жүргізуші немесе ұшқыш кіреді.

39. Республикалық және облыстық маңызы бар САМБ қажет болған жағдайда республикалық және облыстық медициналық ұйымдардан тартылған маман-дәрігерлермен: науқастарға (босанатын әйелдерге, зардап шегушілерге) жергілікті жерде жоғары мамандандырылған консультациялық-диагностикалық медициналық көмек көрсету үшін "емдеу ісі" немесе "педиатрия" мамандығы бойынша дипломымен жоғарғы немесе орта медициналық білімі бар маман,

оның ішінде жоғары медициналық оқу орындарының және республикалық ғылыми, зерттеу орталықтары мен институттарының қызметкерлерімен толықтырылады.

40. РСАО өңірлердің СА шұғыл өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тәуліктік режимде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге дайын облыстық және қалалық медициналық ұйымдардың тартылған маман-дәрігерлерінен МБ жиынтықтайды.

СА медициналық көмек көрсететін маман-дәрігер шұғыл өтінімді орындағаннан кейін РСАО-ға есептік ақпаратты ұсынуы тиіс.

41. Шұғыл жағдайлар кезінде (жол-көлік оқиғалары, жазатайым оқиғалар және басқа да өмірге қауіп төндіретін жағдайлар) СА шақыртуды медицина қызметкерлері, зардап шегушілер немесе оқиға орнынан көрген адамдар 112 нөміріне, ЖМКҰ нөмірлері бойынша немесе мынадай координаттар бойынша РСАО ДҚ: +7 (7172) 701-702, факс: +7 (7172) 709-686; e-mail: dispatcher@rcsa.kz" кез-келген телефон байланысының түрі бойынша (қалалық, ұялы, таксафон және т.б) Төтенше жағдайлар қызметіне қоңырау шалу арқылы жүзеге асырады.

42. СА шақырту РСАО өңірдің, облыстың үйлестіруші-дәрігерінің шұғыл өтінімінің негізінде жүзеге асырылады.

43. Шұғыл өтінімді орындау үшін РСАО өңірдің, облыстың үйлестіруші-дәрігері:

РСАО ДҚ аға дәрігерімен байланысты ұйымдастырады;

шұғыл өтінімнің мақсатын анықтайды (бетпе-бет консультация, жергілікті жердегі операция, тасымалдау), бейінді маман-дәрігерлерден САМБ қалыптастырады;

жіберушілер мен қабылдаушы медициналық ұйымдардың арасындағы байланысты жүзеге асырады;

мамандандырылған медициналық көмек көрсететін қалалық, облыстық деңгейдегі тікелей қабылдаушы медициналық ұйымды жеткізілетін пациент (босанатын әйел, зардап шегуші) туралы хабардар етеді;

көрсетілген жерге САМБ келгендігін, қабылдайтын медициналық ұйымға пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) жеткізілгенін растау туралы ақпаратты сұратады;

әуежай өкілдерімен ЖМКҰ немесе СА санитариялық автокөлігінің әуежай перронына кедергісіз кіруі және шығуы туралы мәселені шешеді;

әуе кемесі орналасқан жерге СА МБ санитариялық автокөлікпен жеткізуді ұйымдастырады;

СА МБ келуі бойынша күтіп алады және пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық ұйымға жеткізеді;

медициналық ұйымдармен шұғыл өтінімді орындау кезінде өзара іс-қимыл мәселелерін келіседі (ЖМКҰ немесе СА санитариялық автокөлігімен пациенттің (босанатын әйелдің, зардап шегушінің) орналасқан жері бойынша медициналық ұйымға дейін СА МБ жеткізу, сондай-ақ қажет болған жағдайда пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) әуе көлігінің бортына тасымалдау);

пациентті (босанатын әйелді, зардап шегушіні) медициналық ұйымдарға тасымалдаған жағдайда медициналық қызмет туралы ақпаратты РСАО ДҚ аға дәрігеріне береді;

ұшу аяқталғаннан кейін әуе кемесі экипажының командирімен бірлесіп шұғыл өтінімнің орындалғандығы және санитариялық ұшуға тапсырманың орындалғандығы туралы есептік ақпаратты РСАО ДҚ (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша) ұсынады;

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қысқа мерзімде шұғыл ақпаратты РСАО ДҚ ұсынады.

44. РСАО үйлестірушісі ұйымдастыру мәселелері бойынша өзін-өзі басқарудың жергілікті атқарушы органдарымен тығыз іс-қимылда болады:

тұрақты аэродромдары жоқ елдімекендерде әуе кемесіне арналған қону алаңы ;

қонуды жүзеге асырған және төрт сағаттан астам ұшуды күтіп отырған немесе ұшу-техникалық сипаттамалары бойынша ауа райы жағдайларына, қараңғы тәулік уақытында және басқа да себептерге байланысты ұша алмау жағдайында әуе кемесін уақытша күзету;

ұшу мүмкін болмаған жағдайда әуе кемесінің ұшу экипажын, САМБ тынығу үшін орналастыру.

45. СА барлық бөлімшелері медициналық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және санитариялық авиацияның әуе көліктік қызметтерін ұсынатын әуе компанияларымен шұғыл байланыстыру үшін тұрақты түрде қалалық, қалааралық және ұялы телефон байланыстарымен, сондай-ақ радиобайланыспен, жерсерігі байланысымен және кемінде екі қосқышы бар навигациялық жүйемен қамтамасыз етіледі.

46. Санитариялық авиация бөлімшесіне қызмет көрсететін санитариялық авто - және авиакөліктің бірыңғай тану белгілері, арнайы жабдықталған жарқылдақ шамшырағы, қажетті медициналық жарактандыруы, оның ішінде амбулаториялық (далалық) жағдайда және санитариялық авто- және авиакөліктің қозғалысы кезінде де жүрек-өкпе реанимациясын көрсетуге арналған жабдықтары бар.

Санитариялық авто- және авиакөліктің қажетті медициналық жабдықтары стационарлық (әуе кемесіне тұрақты орнатылған), мобильдік немесе аралас болады.

47. СА ұйымдары № 907 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша есепке алу құжаттарын жүргізеді.

48. СА ұйымдарының штаттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгі штаттарға және штат нормативтеріне сәйкес белгіленеді.

49. Ағымдағы жылға медициналық көмек бойынша медициналық және авиакөлік қызметтерінің көлемін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі айқындайды.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 269 бұйрығына қосымша

Жедел медициналық көмек бойынша шақырулардың жеделділік санаттарының тізімі

Санаты	Шақыртудың себебі	Жасы	Науқастың орналасқан жері
1	2	3	4
1 жеделдік санаты (5 минутқа дейін)			
1	кеуде қуысы, іш, арқаның жарақаты	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	бас, мойын жарақаты (есі бар болғанда)		көше, қоғамдық орын
1	оқтан болған жарақат	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	үлкен термиялық жарақат	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	бет, дем алу жолдарының күйі	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	аяқ-қолдың жарақаттық ампутациясы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	көптеген, қосалқы жарақат	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	тұншығу (аллергия)	балалар	көше, қоғамдық орын
1	құрысу (жоғары қызу)	балалар	көше, қоғамдық орын
1	құрысу (улану)	балалар	көше, қоғамдық орын
1	қан құсу	жүкті әйел	көше, қоғамдық орын
1	босану, қан кету	жүкті әйел	көше, қоғамдық орын

1	босанулар, су кету + қансырау	жүкті әйел	көше, қоғамдық орын
1	іш ауруы + құсу	жүкті әйел	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (бронх демікпесі)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (қақалу)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (жанып кету)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (диабет)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (есірткі мөлшерін артық қабылдау)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (жарақат)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (кардиологиялық ауру)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (жоғары қызу)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (талма)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (улану)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (суға кету)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (жіті қан кету)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (анафилаксиялық шок)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	естен тану (асылып өлу кезінде)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
1	ЖКО (1-2, ересектер)	ересектер, балалар	*
1	ЖКО (1-2, балалар бар)	ересектер, балалар	*
1	ЖКО (2-ден астам, ересектер)	ересектер, балалар	*
1	ЖКО (2-ден көп, балалар бар)	ересектер, балалар	*
1	жаяу жүргіншіні соғып кету	ересектер, балалар	*
1	өрт (1-2, ересектер)	ересектер, балалар	*

1	өрт (1-2, балалар бар)	ересектер, балалар	*
1	өрт (2-ден көп, ересек)	ересектер, балалар	*
1	өрт (2-ден көп, балалар)	ересектер, балалар	*
1	жарылыс, ТЖ (1-2, ересектер)	ересектер, балалар	*
1	жарылыс, ТЖ (1-2, балалар бар)	ересектер, балалар	*
1	жарылыс, ТЖ (2-ден көп, ересек)	ересектер, балалар	*
1	жарылыс, ТЖ (2-ден көп, балалар)	ересектер, балалар	*
1	лаңкестікке қауіп кезіндегі кезекшілік	ересектер, балалар	*
1	жоғарыдан құлау (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2 жеделдік санаты (5 минутқа дейін)			
2	соғылу, аяқ-қолдың сынуы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	кеуде қуысы, іш, арқа жарақаты	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	бас, мойын жарақаты (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	аяқ-қолдың жарақаты (қан кетпеген)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	аяқ-қол жарақаты (қан кету)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	кеуде қуысы, іш, арқа жарақаты	ересектер, балалар	*
2	тістелген жара	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	бас, мойын жарақаты (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
2	тамырын тілу	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын, үй
2	ұрып кеткен (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	оқтан болған жарақат	ересектер, балалар	*
2	үлкен термиялық жарақат	ересектер, балалар	*
2	бет, дем алу жолдарының күйі	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	көз жарақаты	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын

2	аяқ-қолдың жарақаттық ампутациясы	ересектер, балалар	*
2	жыныс мүшелерінің жарақаты	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	электр жарақаты (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын, үй
2	көптеген, қосалқы жарақат	ересектер, балалар	*
2	алкогольден, суррогаттан улану	балалар	көше, қоғамдық орын
2	қақалу (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	иістен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	улармен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	дәрілермен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	сірке суымен улану	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	улану (себебі белгісіз) (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	аритмия	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (анамнезінде ГА)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	ГА науқаста АҚ көтерілуі	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	көтерілуі АҚ	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (анамнезінде ЖИА)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (анамнезінде ЖИА)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (кардиологиялық ауру)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуденің ауруы (есірткі қабылдайды)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (ЖИА жоғарғы емес қауіпі)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (қайталанған жүгіну)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	кеуде ауруы (этиологиясы белгісіз)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	аритмия (қайталанған жүгіну)	ересектер	көше, қоғамдық орын

2	тұншығу (бронх демікпесі)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (бронхит, пневмония)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (аллергия)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (аллергия)	балалар	
2	тұншығу (кеуде қуысы жарақаты)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (кардиологиялық ауру)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	тұншығу (зоб)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу, абстиненттік синдромы (алкогольдік)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	сал болу (анамнезде ГА)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (диабет)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	сал болу	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	кенеттен сал болды	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (жоғары қызу)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (жоғары қызу)	балалар	*
2	құрысу, абстиненттік синдромы (есірткі)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (жиі нәжіс)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (құсу)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (себебі белгісіз)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (улану)	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	құрысу (улану)	балалар	*
2	эпилепсия (талма)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	қан құсу	ересектер, балалар	*
2	уланудан кейінгі қан кету	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	ішектен қан кету	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын

2	босану, су кету	жүкті әйелдер	көше, қоғамдық орын
2	босану, қан кету	жүкті әйелдер	*
2	босану, су кетті + қан кету	жүкті әйелдер	*
2	іш ауру + ішектік қан кету	жүкті әйелдер	көше, қоғамдық орын
2	іш ауру + құсу	жүкті әйелдер	*
2	қызу + тұншығу	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	ГА науқаста құсық	ересектер	көше, қоғамдық орын
2	Квинке ісігі	балалар	*
2	қызу + бөртпе	балалар	көше, қоғамдық орын
2	естен тану (бронх демікпесі)	балалар	көше, қоғамдық орын
2	естен тану (қақалып қалды)	балалар	*
2	естен тану (іістен улану)	балалар	*
2	естен тану (диабет)	балалар	*
2	естен тану (есірткіні артық мөлшерде пайдалану)	балалар	*
2	естен тану (жарақат)	балалар	*
2	естен тану (кардиологиялық ауру)	балалар	*
2	естен тану (жоғары қызу)	балалар	*
2	естен тану (онко)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
2	естен тану (талма)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (уланды)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (суға кету)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (жіті қан кету)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (анафилаксиялық шок)	ересектер, балалар	*
2	естен тану (асылып қалды)	ересектер, балалар	*
2	есірткіні көп мөлшерде пайдалану	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын, үй
2	ЖКО (кезекшілік)	ересектер, балалар	*
2	өрт (кезекшілік)	ересектер, балалар	*

2	жарылыс, ТЖ (кезекшілік)	ересектер, балалар	*
3 жеделдік санаты (5 минутқа дейін)			
3	жоғарыдан құлау (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	соғып алу, аяқ-қолдың сынуы	ересектер, балалар	*
3	кеуде қуысы, іш, арқа жарақаты	ересектер, балалар	*
3	бас, мойын жарақаты (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	аяқ-қол жарақаты (қан кетусіз)	ересектер, балалар	*
3	аяқ-қол жарақаты (қан кетумен)	ересектер, балалар	*
3	тістелген жарақат	ересектер, балалар	*
3	ұрып кету (есін жоғалтпаған)	ересектер, балалар	*
3	шектелген термиялық жарақат	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	көз жарақаты	ересектер, балалар	үй
3	құлақ жарақаты	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	жыныс мүшелерінің жарақаты	ересектер, балалар	*
3	ескі жарақат, жағдайдың нашарлауы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	алкогольден, суррогаттан улану	ересектер, балалар	*
3	алкогольден, суррогаттан улану	балалар	*
3	қақалық қалу (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	ністен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	улармен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	дәрілермен улану (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*
3	тамақтан улану	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	сірке суымен улану	ересектер	көше, қоғамдық орын
3	сірке қышқылымен улану	балалар	*
3	улану (белгісіз) (есі бар болғанда)	ересектер, балалар	*

3	аритмия	ересектер, балалар	*
3	кеуде ауруы (анамнезінде ГА)	ересектер, балалар	*
3	кеуде ауруы (алкогольді пайдалану)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	ГА ауыратын науқаста көтеріңкі АҚ	ересектер, балалар	*
3	көтеріңкі АҚ	ересектер, балалар	*
3	кеуде ауруы (анамнезінде ЖИА)	ересектер, балалар	*
3	кеуде ауруы (анамнезінде ЖИА)	60 дейін	*
3	кеуде ауруы (кардиологиялық ауру)	ересектер, балалар	*
3	кеуде ауруы (есірткі пайдаланады)	ересектер	көше, қоғамдық орын
3	кеуде ауруы (есірткі пайдаланады)	балалар	көше, қоғамдық орын
3	кеуде ауруы (ЖИА жоғарғы қауіпі)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	кеуде ауруы (қайталанған жүгіну)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	кеуде ауруы (этиологиясы белгісіз)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	аритмия (қайталанған жүгіну)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (бронх демікпесі)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (бронхит, пневмония)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (аллергия)	ересектер	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (кеуде қуысы жарақаты)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (кардиологиялық ауру)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (онкология)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (туберкулез)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тұншығу (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	*
3	тұншығу (зоб)	ересектер, балалар	*
3	құрысу, абстиненттік синдромы (алкогольдік)	ересектер, балалар	*

3	сал болу (анамнезінде ГА)	ересектер, балалар	*
3	құрысу (диабет)	ересектер, балалар	*
3	сал болу	ересектер, балалар	*
3	кенеттен сал болу	ересектер, балалар	*
3	сал болу (жоғары қызу)	ересектер	*
3	құрысу, абстиненттік синдром (есірткі)	ересектер, балалар	*
3	құрысу (нәжісі жиі)	ересектер, балалар	*
3	құрысу (күсу)	ересектер, балалар	*
3	құрысу (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	*
3	құрысу (улану)	ересектер	*
3	эпилепсия (талма)	ересектер, балалар	*
3	селкілдеу (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	варикоздық қан тамырларынан қан кету	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	әйелдердің жыныстық жолдарынан қан кетулер	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	қан аралас жөтел	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	уланғаннан кейінгі қан кету	ересектер, балалар	*
3	әйелдердің жыныс жолдарынан қан кетулер	ересектер, балалар	*
3	ішектік қан кету	ересектер, балалар	*
3	қан аралас жөтел	ересектер, балалар	*
3	босану, су кету	ересектер, балалар	*
3	асқынуларсыз босанулар	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	іштің ауруы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	іштің ауруы + ішектік қан кету	ересектер, балалар	*
3	бүйректік шаншу	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын

3	бір бүйір, бел ауруы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	психоз? шақырту аға дәрігермен қабылданды	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	бас ауруы (глаукома)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	қан қысымының төмендеуі, бас айналуы	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	қызу + тұншығу	ересектер, балалар	*
3	қызу + құсу	балалар	*
3	қызу + іш өту	балалар	*
3	құсу, бөртпе (аллергия)	балалар	*
3	жүкті әйелдің құсуы		көше, қоғамдық орын, үй
3	құсу (қант диабеті)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	Квинке ісігі	ересектер	*
3	қызу + бөртпе	балалар	*
3	құсу (неврологиялық ауру)	балалар	*
3	жіті ауру немесе аяқ-қолдың ісігі	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	адамның ауыр халі (диабет)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	адамның ауыр халі (диабет) (онкологиялық науқас)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	есірткіні шектен тыс қабылдау	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	сірке суымен улану	ересектер, балалар	*
3	адамның ауыр халі (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
3	тамақтағы бөгде дене	ересектер, балалар	*
3	жәндіктердің, жыланның және т.б шағуы	ересектер, балалар	*
4 жеделдік санаты (20 минутқа дейін)			
4	шектелген термиялық жарақат	ересектер, балалар	*
4	құлақ жарақаты	ересектер, балалар	*
4	алкогольден, суррогаттан улану	ересектер, балалар	*
4	құлақтың бөгде заты	ересектер, балалар	*

4	кеуде ауруы (алкогольді пайдалану)	ересектер, балалар	*
4	кеуде ауруы (есірткі қабылдайды)	ересектер	*
4	ГА науқастың құсуы	ересектер, балалар	*
4	селкілдейді (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	*
4	варикоздық қан тамырлардан қан кетулер	ересектер, балалар	*
4	тісті жұлғаннан кейінгі қан кету	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
4	асқынусыз босанулар	ересектер, балалар	*
4	іш ауруы	ересектер, балалар	*
4	құсу + іш өту	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
4	бүйрек ауруы	ересектер, балалар	*
4	психоз? шақырту аға дәрігермен қабылданды	ересектер, балалар	*
4	бас ауруы (глаукома)	ересектер, балалар	*
4	қысымының төмендеуі, бас айналу	ересектер, балалар	*
4	бас ауруы (бастың зақымдануы болған)	ересектер, балалар	*
4	босанудан кейінгі қызу	ересектер, балалар	*
4	құсу, бөртпе (аллергия)	ересектер	*
4	құсу (қант диабеті)	ересектер, балалар	*
4	қызу + бөртпе	ересектер	көше, қоғамдық орын
4	құсу (неврологиялық ауру)	ересектер	*
4	бөртпе	балалар	*
4	құсу	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
4	медициналық араласудан кейінгі аурулар, ісінулер	ересектер, балалар	көше, қоғамдық орын
4	асқынған геморрой	ересектер, балалар	*
4	аяқ қолдың ауруы (кардиологиялық науқас)	ересектер, балалар	*
4	аяқ қолдың жіті ауру және ісіктер	ересектер, балалар	*

4	қауіпті жәндіктердің шағуы	ересектер, балалар	*
4	адамның ауыр халі (диабет)	ересектер, балалар	*
4	адамның ауыр халі (себебі белгісіз)	ересектер, балалар	*
4	естен тану (онкологиялық ауру)	ересектер, балалар	*
4	балалар реанимациясын өзіне шақырту	ересектер, балалар	*
4	балалар бригадасын өзіне шақырту	ересектер, балалар	*
4	дәрігерлер бригадасын өзіне шақырту	ересектер, балалар	*
4	фельдшер бригадасын өзіне шақырту	ересектер, балалар	*
5 жеделдік санаты (20 минутқа дейін)			
5	мұрынның бөгде заты	ересектер, балалар	*
5	ескі жарақат, нашарлану	ересектер, балалар	*
5	көздегі бөгде зат	ересектер, балалар	*
5	тамақтан улану	ересектер, балалар	*
5	қызу + құсу	ересектер, балалар	*
5	қызу + іш өту	ересектер, балалар	*
5	іш өту	ересектер, балалар	*
5	құсу + іш өту	ересектер, балалар	*
5	жыныс мүшелерінің ісінуі	балалар	*
5	басқа да бөгде денелер	ересектер, балалар	*
5	сал болған адам жағдайының нашарлауы	ересектер, балалар	*
5	қанды несеп	ересектер	көше, қоғамдық орын
5	қанды несеп	балалар	*
5	мұрыннан қан кету	ересектер	*
5	мұрыннан қан кету	балалар	*
5	тісті жұлғаннан кейінгі қан кету	ересектер, балалар	*

5	тұншығу (онкология)	ересектер, балалар	*
5	тұншығу (туберкулез)	ересектер, балалар	*
5	бір бүйір, бел ауруы	ересектер, балалар	*
5	медициналық араласудан кейінгі қызу	ересектер, балалар	*
5	қызу (мастит?)	ересектер, балалар	*
5	медициналық араласудан кейінгі аурулар, ісіктер	ересектер, балалар	*
5	жыныс мүшелерінің ісігі	ересектер	*
5	алкогольден мас болу	ересектер, балалар	*
6 жеделдік санаты (30 минутқа дейін)			
6	емханада, медициналық бөлімшеде көмек көрсету		*
6	несептің жіті кідірісі		*
6	бас ауруы (абстинентті-алкоголь)		*
6	дренаж түтігінің шығып кетуі		*
6	ҚЕБ арналған жедел тасымалдау		*
6	балалар реанимациясына арналған жедел тасымалдау		*
6	балалар бригадасына арналған жедел тасымалдау		*
6	кардиологиялық бригадаға арналған жедел тасымалдау		*
6	дәрігерлік бригадаға арналған жедел тасымалдау		*
6	реанимацияға арналған жедел тасымалдау		*
6	фельдшерлік бригадаға арналған жедел тасымалдау		*
6	қарқынды терапия бригадасына арналған стационарға стационардан тасымалдау		*
6	балалар реанимациясына арналған стационарға стационардан тасымалдау		*
6	стационардан балаларға арналған стационарға тасымалдау		*
6	кардиологиялық бригадаға арналған стационарға стационардан тасымалдау		*
6	стационардан стационарға тасымалдау		*
6	реанимациялық бригадаларға арналған стационарға стационардан тасымалдау		*
6	бас ауруы, қызуы		*
6	бас ауруы (абстинентті-есірткі)		*
6	құлақ ауруы		*
6	бас ауруы		*
6	қызу + тамақтағы аурулар		*
6	қызу + жөтел		*
6	қызу + құлақтағы ауру		*

б	асқынуларсыз қызу		*
б	қызу + бөртпе	ересектер	*
б	құсу (онкологиялық ауру)	балалар	көше, қоғамдық орын
б	бөртпе		*
б	адамның ауыр халі (онкологиялық ауру) 1		*
б	бұқаралық іс-шараларындағы кезекшілік		*
б	бағытас шақырту		*
б	ҚЕБ арналған белсенді шақырту		*
б	балалар реанимациясына арналған белсенді шақырту		*
б	балалар бригадасына арналған белсенді шақырту		*
б	кардиологиялық науқастарға арналған белсенді шақырту		*
б	дәрігерлер бригадасына арналған белсенді шақырту		*
б	реанимацияға арналған белсенді шақырту		*
б	фельдшерлік бригадаларға арналған белсенді шақырту		*

Ескертпе: арнайы нұсқау болмаған кезде пациент үйде немесе басқа жерде бола алады.